

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Нұрғали Р.Ж.

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Семей қаласын жылумен қамту.docx

Научный руководитель: Куляш Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 4.3

Коэффициент Подобия 2: 2.2

Микропробелы: 0

Знаки из здругих алфавитов: 24


Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- Обоснование:

Дата 26.05.2023г


Жамарбай А.Ұ.

проверяющий эксперт

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагияттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Нұрғали Р.Ж.

Тақырыбы: Семей қаласын жылумен қамту.docx

Жетекшісі: Куляш Нурпеисова

1-ұқсастық коэффициенті (30): 4.3

2-ұқсастық коэффициенті (5): 2.2

Дәйексөз (35): 0.1

Әріптерді ауыстыру: 24

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 0

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.


Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні

Кафедра меңгерушісі



Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Нурғали Р.Ж.

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Семей қаласын жылумен қамту.docx

Научный руководитель: Куляш Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 4.3

Коэффициент Подобия 2: 2.2

Микропробелы: 0

Знаки из здругих алфавитов: 24

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- Обоснование:

Дата

Аминов *А.А.* Заведующий кафедрой

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

дипломдық жұба
(жұмыс түрінің атауы)

Мурғали Раушан Жолдабекқызы
(білім алушының аты-жөні)

6В07302 - "Құрылыс инженерия"
(мамандық атауы және шифр)

Тақырып:

Семей қаласының Батыс ауданын
төмен қамту және қалың
ауданының қаржылық және
жерлерін жобалау.

Дипломдық жұба берілген тақырыпта
бейбітше орындалған:

- есепті-түсінік және қоспа - бес;

- графикалық бөлімі - нақаш.

Дипломдық жұба орындау кезінде Мур-
ғали Р. жоғары деңгейде мақсаттық білімін
көрсетіп, өз еркімен арнайы шешімдер
қабылдап алатын деңгейін көрсете білді.

Дипломдық жұбада төмен қамту және
жерін жобалауда тиімді шешімдері, қолданылған
әділеттері қазіргі даму тақырыбына сәйкес.

Дипломдық жұба жоғары деңгейде орындалған,
(95 бет), ал диплом қорғаушы Мурғали Раушанға
6В07302 "Құрылыс инженерия" бағдарламасына
бакалавр дәрежесін алған болады.

Ғылыми жетекші

Журғалиева К.М. - а.м.ғ.к. профессор

Журғалиева

(қолы)

«24» 05 2023 ж.

РЕЦЕНЗИЯ

Дипломдық жобала
(жұмыс түрінің атауы)

Журтани Раушан Жондасбекқызы
(Білім алушының аты жөні)

6804302 - Журналистиканың инновациясы
(мамандық атауы және шифрі)

Тақырыбы: Семей қаласының Батыс ауданын жаңарту және шағын аудандық кварталдық пәну кешілерін жобалау

Орындалды:

а) Графикалық бөлімі 6 бет

б) Түсіндірме жазба 38 бет

Жұмысқа ескертпе

Дипломдық жоба тапсырмаларға сай орындалған. Жобаламаның ауданын бақылауға және пәну кешілерін жобалауға қажетті құжаттар мен материалдар қамтамасыз етілген. Жобаның мақсаты мен міндеттері нақты және нағыз болып табылады.

Дипломдық жобаның міндеттері ескертулер мен ескертулер:

- орташа бағамдағы қателіктер байқалды
- ескертулер кезінде сағанды қателіктер бар.

Жұмысты бағалау

Дипломдық жобаның орындалу кезінде Журтани Раушан түрлі программалармен (AutoCAD, Word) қандағанын білдіреді. Жоба «теже және» (30%) бағаланды. Студент Журтани Раушан 6804302 - «Журналистиканың инновациясы» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры деңгейіне иелі.

Рецензент

М.М. Жылқы

Бейсенов

(қолы)

«29»

05

2023ж.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциалық емес акционерлік қоғамы

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд., қауым. проф.

 Алимова К.К.


« 25 » 05 2023 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: “ Семей қаласының Батыс ауданын жылумен қамту және шағын
ауданының кварталдық жылу желілерін жобалау”

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

Орындаған



Нұрғали Р.Ж.

Рецензент

Жетекші

техн. ғыл. канд., қауым. проф.

 Нурпеисова К.М.

« 24 » 05 2023 ж.



Алматы 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

6В07302 – «Құрылыс инженериясы»

БЕКІТЕМІН

ИЖЖЖ Кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд., қауым.проф.

Алимова К.К.
« 13 » 01 2023ж.

**Дипломдық жоба орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Нұрғали Раушан Жолдасбекқызы

Тақырыбы: Семей қаласының Батыс ауданын жылумен қамту және шағын ауданының кварталдық жылу желілерін жобалау

Академиялық мәселелер жөніндегі проректорының 2022 жылғы «23» қараша №408 бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2023 жылғы «23» мамыр

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Семей қаласының Батыс бөлігінің бас жобасы; халық тығыздығы $m=250,275,320$ ад/га; қаланың климатологиялық деректері $t_o' =$ минус 35,7 град; $t_{om} =$ минус 6,9 град; $n_o=200$ тәулік; жылу көзі АҚ; ашық жылумен қамту жүйесі; жылу тасымалдағыш параметрлері 150-95-70 градус;

Дипломдық жобада әзірлеуге жататын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс өндірісінің технологиясы;

в) Экономика бөлімі

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсете отырып)




1) Семей қаласының бас жоспары; 2) Жылу желілерінің есепті сұлбалары;
3) Жылу желісінің пьезометрлік графигі; 4) Жылу желілерінің монтаждық сұлбасы; 5) Арнайы биік тіректерді қолданбай, жылу құбырларын темір жол жолдарын кесіп өту тәсілі ; б) Технологиялық карта.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер 10 атаудан


Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлімі	16.01.2023-20.03.2023	орындалды
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	24.03.2023-20.04.2023	орындалды
Экономика бөлімі	20.04.2023-1.05.2023	орындалды

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты,тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	А.Е. Алимбек техн. ғыл. магистрі, аға оқытушы	24.04.2023	
Экономика бөлімі	К.М. Нурпеисова техн. ғыл.канд.,қауым. проф.	02.05.2023	
Норма бақылаушы	А.Н. Хойшиев техн. ғыл.канд.,қауым. проф.	24.05.2023	

Жетекші



Нурпеисова К.М.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды



Нұрғали Р.Ж.

Күні

« 16 » 05 2023 ж.

АҢДАТПА

Дипломды жобада Семей қаласының батыс аймағын жылумен қамту көзделді. Дипломдық жобамның негізі жылуды жеткізу жүйелерінің түрлерін анықтау. Ең алғаш қаланың климаттық сипаттамаларын енгізеді. Корпустардың орналасу ретіне және жылулық желілерін қайта құрастыруының қиындап кетпеуі есепке алынады. Есептеу кезінде Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелерінің талабына сай есептеулер ретімен жүргізілді.

Құрылыстың бас жоспары түзілді, бүкіл жұмысшылардың жұмыс кестесі, күнтізбелік жоспар жасалады. Жылумен жабдықтау жүйелерінің барлық жылу окшаулағыш материалдарының шығыстары пайдаланушылар үшін тиімді бағалар бойынша есептелген.

АННОТАЦИЯ

Дипломный проект предусматривает теплоснабжение Западного региона города Семей. В основу дипломного проекта положено определение видов систем теплоснабжения. Впервые вводит климатические характеристики города. Учитывается порядок расположения корпусов и не усложненная сборка тепловых сетей. При расчете расчеты производились последовательно, в соответствии с требованиями строительных норм и правил Республики Казахстан.

Сформирован генеральный план строительства, составлен график работы всех строителей, календарный план. Расходы на все теплоизолирующие материалы систем теплоснабжения рассчитаны по выгодным для пользователей ценам.

ABSTRACT

The diploma project provides for heat supply to the western region of Semey. The basis of my graduation project is to determine the types of heat supply systems. The first to introduce the climatic characteristics of the city. Taking into account the order of location of the enclosures and the absence of difficulties in assembling heat networks. In the course of the calculations, the calculations were carried out in accordance with the requirements of the building codes and regulations of the Republic of Kazakhstan.

The master plan of construction has been drawn up, the schedule of work for all employees is drawn up, and a calendar plan is drawn up. The outputs of all thermal insulation materials of heat supply systems are calculated at reasonable prices for users.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жобалау ауданының сипаттамасы	8
1.2 Есепті жылу жүктемелері	8
1.3 Ашық жылумен қамту жүйелері	13
1.4 Жылдық жылу жүктемелер шығыны	13
1.5 Жылытуға температуралық графигінің есебі және жылу жіберуді реттеу есебі	16
1.6 Есепті су шығындарын есептеу	18
1.7 Жылу желілерінің гидравликалық тәртіптері және есебі	20
1.8 Жылу желілерінің монтаждық сұлбасы және конструктивтік элементтері	20
2 Құрылыс өндірісінің технологиясы	25
2.1 Құрылыс объектісінің сипаттамасы	25
2.2 Құрылыс – жинақтау жұмыстың көлемінің тізімдемесі	25
2.3 Құрылыс жинақтау жұмысы	30
2.4 Құрылыс жұмыстарының өндіру әдісін таңдау	31
2.5 Құрылыстың күнтізбелік жоспары	33
3 Экономика бөлімі	33
3.1 Пайдалану кезіндегі шығындарды есептеу жұмыстары	35
ҚОРЫТЫНДЫ	36
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	37
ҚОСЫМШАЛАР	38

КІРІСПЕ

Жылумен қамту дегеніміз - тұрғын үйлерді, қоғамдық және өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды және тұтынушыларды жылу тасығыштар (ыстық су немесе бу) арқылы жылумен қамтамасыз ету; тұрғын, қоғамдық және өнеркәсіптік үймереттер мен технологиялық тұтынушыларға жылыту, ауа алмастыру, ыстық сумен жабдықтау жүйелерін жылу тасығыштың (ыстық су не бу) көмегімен жылумен жабдықтау. Ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан бөлімі жылуды өндіру, тасымалдау, реттеу және тұтынумен тығыз байланысты мәселелердің кең ауқымын қамтиды. Жылумен жабдықтау ауданын жобалау негізінде белгілі бір жүйені пайдалану тиімділігін техникалық және экономикалық бағалаудан басталады. Қалаларды жылумен қамтамасыз еткізу біршама экономикалық мәнге ие. Бүкіл тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттарда қолайлы тұрмыс әрі еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жылумен жабдықтау жүйелерінің сенімді жұмысына байланысты. Жылумен қамту жүйелері орталықтандырылған және жергілікті болып бөлінеді.

Орталықтандырылған жылумен жабдықтаудың пайда болу себебі қарапайым және айқын: 20 ғасырда адамзат өнеркәсіптік масштабта энергияның жаңа түрін – электр энергиясын игерді. Өнеркәсіптік өндіріс пен қалалардың тұрғын үй-коммуналдық секторының үздіксіз дамуының қазіргі жағдайында және осыған байланысты ыстық су мен будағы жылуды тұтыну деңгейінің артуына байланысты ірі орталықтандырылған жылу жүйелері кеңірек таралуда. Орталықтандырылған жылу желілерінде жылу тасымалдаушы арнайы жылу электр орталықтарында немесе аудандық қазандықтарда өндіріледі де өзіне есептелінген қамту ұзындығына сәйкесінше диаметрі болып, жылу желілері деп аталынады. Жергілікті жылумен қамту деп, яғни жылу тасымалдаушыны өндіретін объект сол жылу тұтынушының маңайында болып сол ғимараттың түріне байланысты қажетті жылумен қамтамасыз етіп отырады.

Дипломдық жұмыстың тақырыбы ретінде «Семей қаласының Батыс ауданын жылумен қамту және шағын ауданының кварталдық жылу желілерін жобалау» таңдадым. Осы дипломдық жобаның басты мақсатының бірі – ғимараттар мен үймереттерді орталықтандырылған жылумен қамтуға тиімді жолмен қосу болып табылады. Жобаның нәтижесінде қаланы жылумен қамтудың негізгі мәселелерінің ұтымды және үнемді шешімі таңдалды. Әзірленген жылумен жабдықтау жүйесі жүйені орнату және пайдалану үшін қолданыстағы жобалық стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес болды.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобалау ауданының сипаттамасы

Дипломдық жұмысқа Семей қаласының Батыс ауданындағы тұрғын үйлерді шағын аудандарға бөлу арқылы жылумен жабдықтау алынды.

Жылумен жабдықтау желілерін жобалау үшін Семей қаласының қажетті сыртқы ауаның климотологиялық көрсеткіштерін құрылыс ережелері және нормалары бойынша қабылдаймыз:

- ең суық бескүндік ауасының температурасы $t'_o =$ минус 35,7 °С;
- жылыту кезеңіндегі ауаның орташа температурасы $t_{om} =$ минус 6,9 °С;
- жылыту мерзімінің ұзақтылығы $n_o = 200$ тәулік;
- қараша-наурыз айларындағы жауын-шашынның мөлшері 94 мм.

Семей қаласының климаттық жағдайы күрт континенталды климатпен сипатталады, ол қалыпты суық қыспен, тұрақты қар жамылғысымен және ыстық жазымен, ауа температурасының үлкен жылдық және тәуліктік ауытқуларымен, жыл бойы жел режимінің жоғары белсенділігімен ерекшеленеді. Желдің ең жоғары жылдамдығы оңтүстік-шығыс және шығыс бағыттарға тән. Ауа температурасының жоғарғы нәтижелерді көрсететін кезеңдік айлар — маусым және шілде. Ең салқын төменгі температураны көрсететін ай — қаңтар.

Батыс ауданын жылумен қамту жүйесінің жылу көзі ретінде аудандық жылу пункті қабылданды. Батыс ауданын жылумен қамту барысында жылу тасымалдағыш ретінде су пайдаланылады және жүйе ашық болып табылады. Жобаланатын аумақ 26 кварталдан тұрады. Осы ауданда халық тығыздығы 250,275,320 адам/га болып алынды. Тұрғын үйлерде бір адамға шаққандағы жалпы аудан нормасы 18 м² қабылданды.

1.2 Есепті жылу жүктемелері

Жылу желісінің жобасын алдымен жылыту, желдету және ыстық сумен қамту жүйелеріне қажетті жүктемені есептеуден бастау алады. Қажетті жылу жүктемелерін есептеудің түрлі нұсқалары бар және де ол тікелей ауданның жобалау сатысына, масштабна және бас жобадағы айқын ғимараттардың көрсетілуіне байланысты.

Ең алдымен, жобаланатын аумақтың тұрғындар санын (адам) анықтаймыз

$$m = F_{\text{кв}} \cdot \rho, \quad (1.1)$$

$$m = 118,9 \cdot 250 = 29725 \text{ адам,}$$

$$m = 163,5 \cdot 320 = 51680 \text{ адам,}$$

$$m=171 \cdot 275=46475 \text{ адам.}$$

мұндағы $F_{\text{кв}}$ - бас жоба бойынша қабылданатын квартал ауданы, га;
 ρ – жобаланатын аумақтағы халық тығыздығы, адам/га.

Тұрғын саны белгілі болғаннан кейін жоба аумағындағы ғимараттардың жалпы ауданын (m^2) табамыз

$$A=m \cdot f, \quad (1.2)$$

$$A=127880 \cdot 18=2301840 \text{ м}^2 = 230,1 \text{ га.}$$

мұндағы m – адам саны;

f – тұрғын үйлердегі бір адамға қажетті жалпы аудан нормасы, $f = 18 \text{ м}^2/\text{адам}$.

Қоғамдық және тұрғын ғимараттардың жылытуға арналған максималды жылу ағымдарын (Вт) есептеуге арналған формула

$$Q_o = q_o \cdot A \cdot (1 + K_1), \quad (1.3)$$

$$Q_o = 88,12 \cdot 2301840 \cdot (1 + 0,25) = 253,547 \text{ МВт.}$$

мұндағы q_o - тұрғын үй ғимараттарын жылытуға үлкейтілген максималды жылу ағынының коэффициенті, $\text{Вт}/\text{м}^2$, жаңарған жоба ғимараттарының тұрғызылған жылына және тұрғын үйлердің қабат санын ескере келе, сонымен қатар сыртқы ауаның 5 күндік орташа ауа температурасына (минус $35,7^\circ\text{C}$) байланысты қабылданады, $q_o = 88,12 \text{ Вт}/\text{м}^2$ алынды.

A - құрылыстың ауданы, м^2 ;

K_1 - тұрғын үй ғимараттарын жылыту үшін жылу ағымды есепке алатын коэффициент $0,25$ деп қабылданады.

Тұрғын үй ғимараттарды желдетуге максималды жылу ағымы (Вт) келесі формула бойынша есептеледі

$$Q_v = q_o \cdot A \cdot K_1 \cdot K_2, \quad (1.4)$$

$$Q_v = 88,12 \cdot 2301840 \cdot 0,25 \cdot 0,6 = 30,425 \text{ МВт.}$$

мұндағы K_2 - тұрғын үй ғимараттардың желдетуі үшін жылу ағынын ескеріп отыратын коэффициент, бұл жағдайда ғимарат 1985 жылдан кейін салынғандықтан $0,6$ деп қабылданады.

Қоғамдық ғимараттарды ыстық сумен қамтуға қажетті орташа жылу ағымы (Вт) келесідей:

$$Q_{hm} = q_h \cdot m, \quad (1.5)$$

$$Q_{hm} = 376 \cdot 127880 = 48,082 \text{ МВт.}$$

мұндағы q_h – тұрғын үй ғимаратында бір адамға керек ыстық су жүйесінің жылу ағынының орташа коэффициенті, Вт. Тәулігіне тұрғын үйлерде 1 адамға кететін ыстық су мөлшері 105 литр, сондықтан бір адамға керек ыстық судың жүйесі жылу ағынының орташа көрсеткіші 376 Вт/адам деп қабылданады.

Жылытылмайтын маусымда ыстық сумен қамту үшін жылу ағымы анықталады (Вт)

$$Q_{hm}^s = Q_{hm} \cdot \frac{60 - t_c^s}{60 - t_c} \cdot \beta, \quad (1.6)$$

$$Q_{hm}^s = 48,082 \cdot 10^6 \cdot \frac{60 - 15}{60 - 5} \cdot 0,8 = 31,471 \text{ МВт.}$$

мұндағы 60-ыстық судың есепті температурасы, °С;

t_c^s, t_c - жылытылатын және жылытылмайтын маусымдарда суық су температуралары, олар плюс 5 °С және плюс 15 °С болып қабылданады;

β - жылытылмайтын мерзімде ыстық сумен қамту үшін жылытылатын мерзімге қатысты ыстық судың орташа шығынының өзгеруін ескеретін коэффициенті туралы мәлімет болмаған жағдайда 0,8 деп қабылданады.

Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды ыстық сумен үшін максималды жылу ағымы (Вт)

-жылытылатын мерзімде

$$Q_{max} = 2,4 \cdot Q_{hm}, \quad (1.7)$$

$$Q_{max} = 2,4 \cdot 48,082 \cdot 10^6 = 115,396 \text{ МВт.}$$

- жылытылмайтын мерзімде

$$Q_{max} = 2,4 \cdot Q_{hm}^s, \quad (1.8)$$

$$Q_{max} = 2,4 \cdot 31,471 \cdot 10^6 = 75,530 \text{ МВт.}$$

мұндағы 2,4 – ыстық сумен жабдықтауға кететін жылу энергиясын тұтынудың сағаттық тепе-теңдік коэффициенті.

Жылу ағынының жалпы мәнін (Вт) анықтаймыз

$$\Sigma Q = Q_o + Q_v + Q_{hm}, \quad (1.9)$$

$$\Sigma Q = (253,547 + 30,425 + 48,082) \cdot 10^6 = 332,054 \text{ МВт.}$$

Жобадағы ауданның тұрғын аудандары үшін жылу ағындарын есептеулерінің нәтижесі 1.1-1.4 - кестелерде келтірілген.

1.1 - кесте – Жылу ағындары($\rho=250$ ад/га үшін)

Квартал номері	Квартал ауданы F,га	Халық саны m, адам	Құрылыс ауданы A,м ²	Жылу ағындары,МВт					ΣQ
				жылытуға Q _o '	желдетуге Q _v '	Ыстық сумен қамтуға			
						Q _{hm}	Q _{hma} _x	Q _{sh} _m	
1	13	3250	58500	6,444	0,773	1,22	2,933	0,80	8,43
2	17	4250	76500	8,426	1,011	1,59	3,835	1,04	11,1
3	24	6000	108000	11,896	1,428	2,26	5,414	1,47	15,6
4	13	3250	58500	6,444	0,773	1,22	2,933	0,80	8,44
5	13	3250	58500	6,444	0,773	1,22	2,933	0,80	8,44
6	13,4	3350	60300	6,642	0,797	1,26	3,023	0,82	8,69
7	25,5	6375	114750	12,640	1,517	2,39	5,753	1,56	16,5
Барлығы	118,9	29725	535050	58,936	7,072	11,17	26,82	7,31	77,18

1.2 – кесте – Жылу ағындары($\rho=320$ ад/га үшін)

Квартал номері	Квартал ауданы F,га	Халық саны m, адам	Құрылыс ауданы A,м ²	Жылу ағындары,МВт					ΣQ
				жылытуға Q _o '	желдетуге Q _v '	Ыстық сумен қамтуға			
						Q _{hm}	Q _{hma} _x	Q _{sh} _m	
8	29,3	9376	168768	18,590	2,231	3,52	8,461	2,30	24,34
9	33	10560	190080	20,937	2,512	3,97	9,529	2,59	27,42
10	14	4480	80640	8,882	1,066	1,68	4,043	1,10	11,63
11	7,3	2336	42048	4,632	0,556	0,87	2,108	0,57	6,066
12	6,9	2208	39744	4,378	0,525	0,830	1,992	0,543	5,733
13	8	2560	46080	5,076	0,609	0,963	2,310	0,630	6,647
14	22,5	7200	129600	14,275	1,713	2,707	6,497	1,772	18,696
15	29,5	9440	169920	18,717	2,246	3,549	8,519	2,323	24,512
16	11	3520	63360	6,979	0,837	1,324	3,176	0,866	9,140
Барлығы	163,5	51680	930240	102,466	12,296	19,432	46,636	12,719	134,194

1.3 – кесте – Жылу ағындары($\rho=275$ ад/га үшін)

Квартал номері	Квартал ауданы F,га	Халық саны m, адам	Құрылыс ауданы A,м ²	Жылу ағындары,МВт					ΣQ
				жылытуға Q_o'	желдетуге Q_v'	ыстық сумен қамтуға			
						Q_{hm}	Q_{hmax}	Q_{shm}	
17	18,2	5005	90090	9,923	1,191	1,882	4,517	1,232	12,99
18	13,4	3685	66330	7,306	0,877	1,386	3,325	0,907	9,569
19	7,2	1980	35640	3,926	0,471	0,744	1,787	0,487	5,141
20	25	6875	123750	13,631	1,636	2,585	6,204	1,692	17,85
21	28,6	7865	141570	15,594	1,871	2,957	7,097	1,936	20,42
22	18,6	5115	92070	10,142	1,217	1,923	4,616	1,259	13,28
23	13,9	3823	68805	7,579	0,909	1,437	3,449	0,941	9,926
24	13,9	3823	68805	7,579	0,909	1,437	3,449	0,941	9,926
25	12	3300	59400	6,543	0,785	1,241	2,978	0,812	8,569
26	18,2	5005	90090	9,923	1,191	1,882	4,517	1,232	12,99
Барлығы	171	46475	836550	92,146	11,058	17,475	41,939	11,438	120,68

1.4 – кесте – Жылу ағындары

Барлығы	118	29725	535050	58,93	7,072	11,177	26,824	7,316	77,185
Барлығы	163	51680	930240	102,4	12,296	19,432	46,636	12,71	134,19
Барлығы	171	46475	836550	92,15	11,058	17,475	41,939	11,43	120,68
Σ	453,4	127880	2301840	253,55	30,426	48,083	115,40	31,472	332,06

1.3 Ашық жылумен қамту жүйелері

Жылумен қамтамасыз ету жүйелерінің тұтынушыларға ыстық суды жеткізудің екі түрлі әдісі бар: ашық және жабық. Ашық жылумен қамту жүйесінде құбырлардағы желілік судың шығындарына ыстық сумен қамтудың әсері мол, себебі ыстық су тұтынуы уақыт (сағат, тәулік) бойы өзгерісті. Ғимараттың жергілікті жылу пунктінде(ЖЖП) барлық жылу тұтынушылар үшін қажетті су шығындары байланысты үйлестіріледі. Жылыту және ыстық сумен қамтудың үйлесімді жүктемесі бойынша орталық сапалы реттеу кезінде желілік судың шығыны тұрақты қалады, ол жылытулық температуралық графигі бойынша жылытуға кететін су шығыны тең. Жылу пунктінде бұл шығын жылыту және ыстық сумен қамту жүйелерінің арасында сыртқы ауа температурасына байланысты есептік тәртіпте таратылады, ол үшін шығын реттегіші ыстық сумен қамту жүйесін қосу алдында орнатылады.

Ашық жылумен қамту жүйесінің беретін құбырындағы судың минималды

температурасы 60°C-қа тең, сондықтан жылытулық температуралық графигінде сынық пайда болады, оған сәйкес сыртқы ауа температурасы сынық нүктесі деп қабылданады. Ашық жылумен қамту жүйелерінің көбінде екі құбырлы жылу желісі тек маусымдық жылу жүктемесін ғана емес, жыл бойындағыны да қанағаттандыра алады. Бұл жағдайда орталық реттеудің әртүрлі әдістерін қолдану мүмкіндігі туады. Ашық жылумен қамту жүйелерінде жылу жіберу тәртібі жабық жүйелерге қарағанда реттеу әдістерінің көп түрін қолдануға мүмкіндік береді. Ашық жылумен қамту жүйелерінде ыстық сумен қамту жүйесінің аспаптарына су жылу желісінен тікелей суараластырғыш арқылы іске асырылады, бұл суараластырғыш әрі температураны реттегіш болып табылады.

1.4 Жылдық жылу жүктемелер шығыны

Жылумен қамтамасыздандыратын аудандар үшін міндетті түрде жылдық жылу жүктемелері анықталады, себебі жылдық жылу жүктемелерінің қосындысы жылу көзінде жылу энергиясын өндіруде пайдаланатын отын шығындарын анықтау үшін, жылу өндіргіш қондырғыларын ұтымды пайдалану үшін және жылумен қамту жүйесін жобалауда техника-экономикалық есептер өткізу үшін қолданылады.

Жобалайтын аудандар үшін жылдық жылу жүктемелері (кДж/жыл) анықталады:

- 1) Тұрғын және қоғамдық ғимараттар үшін жылдық жылу жүктемесі - жылытуға

$$Q_o^{жыл} = 86,4 \cdot Q_{om} \cdot n_o, \quad (1.10)$$

$$Q_o^{жыл} = 86,4 \cdot 117566 \cdot 200 = 2031,54 \text{ МДж/жыл.}$$

- желдетуге

$$Q_v^{жыл} = 3,6 \cdot Q_{vm} \cdot n_o \cdot Z, \quad (1.11)$$

$$Q_v^{жыл} = 3,6 \cdot 16 \cdot 14107 \cdot 200 = 162,512 \text{ МДж/жыл.}$$

- ыстық сумен қамтуда

$$Q_{hm}^{жыл} = 86,4 \cdot [Q_{hm} \cdot n_o + Q_{hm}^s (350 - n_o)], \quad (1.12)$$

$$Q_{hm}^{жыл} = 86,4 \cdot [48082 \cdot 200 + 31471 \cdot (350 - 200)] = 1238,721 \text{ МДж/жыл.}$$

мұндағы Z – қоғамдық ғимараттарда желдету жүйесінің тәулік бойы

орташа жұмыс уақытының сағатының саны, қоғамдық ғимараттарға 16 сағат, яғни 2 ауысым қабыданады;

350 – жылумен қамту жүйесінің жыл бойы жұмысының тәуліктік саны;

n_o – жылытылатын маусымының ұзақтылығы, 200 тәулік қабылданады.

2) Жылдық жылу шығындарының қосындысын (кДж/жыл) есептеу

$$\sum Q^{жыл} = Q_o^{жыл} + Q_v^{жыл} + Q_{hm}^{жыл}, \quad (1.13)$$

$$\sum Q^{жыл} = 2031,54 + 162,512 + 1238,721 = 3432,773 \text{ МДж/жыл.}$$

3) Жылыту кезеңінде орташа жылу ағыны (Вт)

- жылытуға

$$Q_{om} = \sum Q'_o \cdot \frac{t_i - t_n}{t_i - t_o}, \quad (1.14)$$

$$Q_{om} = 253,547 \cdot \frac{18 - (-6,9)}{18 - (-35,7)} = 117,566 \cdot 10^6 \text{ Вт.}$$

-желдетуге

$$Q_{vm} = \sum Q'_v \cdot \frac{t_i - t_n}{t_i - t_o}, \quad (1.15)$$

$$Q_{om} = 30,425 \cdot \frac{18 - (-6,9)}{18 - (-35,7)} = 14,107 \cdot 10^6 \text{ Вт,}$$

мұндағы t_i – жылытылатын ғимараттың ішкі ауа орташа температурасы, плюс 18 °С деп қабылданады;

t_n – жылытылатын маусым кезіндегі сыртқы ауаның ағымды температурасы;

t_o – сыртқы ауа есепті температурасы.

Ағымды сыртқы ауа температурасына сәйкес жылу ағындарының есептеу нәтижесі 1.5 кестесінде, жылытылатын мерзімде сыртқы ауа температураларының қайталану ұзақтығы 1.6 кестесінде көрсетілген.

1.5 – кесте – Сыртқы ауа температураға байланысты жылу жүктемелері

t	$Q_o=Q_v$	Q_o	Q_v	Q_{hm}	$\sum Q$
-35,7	1	253,548	30,426	48,083	332,056
-30	0,894	226,635	27,196	48,538	302,369

1.5 – кестенің жалғасы

t	Qo=Qv	Qo	Qv	Qhm	ΣQ
-25	0,801	203,027	24,363	48,538	275,928
-20	0,708	179,419	21,530	48,538	249,488
-15	0,615	155,811	18,697	48,538	223,047
-10	0,521	132,204	15,864	48,538	196,606
-5	0,428	108,596	13,032	48,538	170,165
0	0,335	75,967	9,116	48,538	133,621
5	0,242	49,150	5,898	48,538	103,586
8	0,186	33,411	4,009	48,538	85,959
Барлығы	5,72998	1417,768	170,132	48,538	2072,825

1.6 – кесте – Жылытылатын мерзімде сыртқы ауа температураларының қайталану ұзақтылығы

t	n,сағ	Σn,сағ	Σn,тәулік
-35,7	41	41	2
-30	75	116	5
-25	183	299	12
-20	355	654	27
-15	565	1219	51
-10	680	1899	79
-5	815	2714	113
0	805	3519	147
5	690	4209	175
8	600	4809	200

1.5 Жылытуға температуралық графигінің есебі және жылу жіберуді реттеу есебі

Жылу жіберуді сапалық реттеу жылу тасымалдағыштың есепті температураларына байланысты болады. Жылу тасымалдағыштың сыртқы ауау параметрлеріне байланысты ауытқуы мүмкіндігін ескере отырып сыртқы ауа температурасына байланысты есепті температураларды қабылдаймыз.

Жылу желілерінің беретін құбырындағы тасымалдаушының температурасы (°C) сыртқы ауа температурасы плюс 15°C болған кездегі мысалмен

$$\tau_{o1} = \tau_i + (\tau'_{жа} - \tau_i) \cdot Q_o^{0,75} + (\tau_{o1} - \tau'_{жа}) \cdot Q_o, \quad (1.16)$$

$$\tau_{o1} = 18 + (82,5 - 18) \cdot 0,186^{0,75} + (150 - 82,5) \cdot 0,186 = 48,808 \text{ } ^\circ\text{C}.$$

Сыртқы ауа температурасы плюс 15°C болған кездегі жылу желілерінің қайтатын құбырларындағы температура

$$\tau_{o2} = \tau_{o1} - (\tau'_{o1} - \tau'_{o2}) \cdot Q_o, \quad (1.17)$$

$$\tau_{o2} = 48,808 - (150 - 70) \cdot 0,186 = 33,928 \text{ } ^\circ\text{C}.$$

Элеватордан шыққан судың жылыту жүйесінің беретін құбырындағы температурасы

$$\tau_{cm} = \tau_{o1} - (\tau'_{o1} - \tau'_{cm}) \cdot Q_o, \quad (1.18)$$

$$\tau_{cm} = 48,808 - (150 - 95) \cdot 0,186 = 38,578 \text{ } ^\circ\text{C}.$$

мұндағы $Q_o = \frac{t_i - t_H}{t_i - t_o}$ – жылыту жүйесінің салыстырмалы ағындары;

τ'_{o1} – жылу тасымалдау желісінің беретін құбырындағы есепті су температурасы, °C;

τ'_{o2} – жылу тасымалдау желісінің қайтатын құбырындағы есепті су температурасы, °C;

τ'_{cm} – жергілікті жылыту жүйесінің беретін құбырындағы су температурасы, °C;

t_i – жылытылатын бөлмеге қажетті іші ауа температурасы;

$\tau'_{жа}$ – жылыту аспаптарындағы судың орташа температурасы, °C.

Семей қаласы бойынша жылытылатын мерзім үшін плюс 8°C минус 35,7°C дейін сыртқы ауа температураларының әрбіріне сәйкес жылу желісінің беретін, қайтатын және жергілікті жылыту жүйесінің беретін құбырының температуралары есептелінеді.

Жылу жүйесіне жылыту желісінен шығатын шығындарды есептелінеді

$$G_o = \frac{Q_o}{c(\tau'_{o1} - \tau'_{o2})}, \text{ кг/с} \quad (1.19)$$

мұндағы c – судың жылу сыйымдылығы 100°C сәйкес, кДж/кг °C;

Q_o – жылу ағыны, Вт.

Жылу беруді ретке келтіру мәліметтері:

-есепті жылу жүктемесі 132,4 МВт

-жылыту жүйелерінің сыртқы ауасының температурасы минус 35,7°C;

-бөлменің ішкі ауа температурасы 18°C;

-жылу тораптарындағы беретін желілеріндегі есепті судың температурасы $\tau'_{o1} =$ плюс 150°C;

-жылыту жүйесінде беретін құбырындағы есепті судың температурасы $\tau'_{cm} =$ плюс 95°C;

-жылыту жүйесінде қайтатын құбырларындағы есепті судың температурасы τ'_{o2} = плюс 70°C;

-жылыту құралында жылу тасымалдағыштардың орташа температурасы $\tau'_{жа}$ = плюс 82,5°C;

-жылыту аспабындағы судың орташа температурасы $\tau'_{пр}$ = плюс 82,5°C.

Жылуды жіберетін реттеу есебі нәтижелері 1.7-1.8-кестелерде көрсетілген. Анықталған беретін және қайтатын желілік құбырлардың температураларына байланысты график тұрғызылады, ол сәйкесінше температуралық график деп аталынады. Сынық нүктесі жылыту жүйесіне лайықталып алынады.

1.7 – кесте – Жылытуға жылу ағындарының нәтижелері

№	$T_H, ^\circ C$	$Q_{оотн}$	Q_o мВт	$\tau_{01}, ^\circ C$	$\tau_{02}, ^\circ C$	$\tau_{см}, ^\circ C$	G_o , кг/с
1	8	0,1862	47,216	48,854	33,957	38,612	756,588
2	5	0,2421	61,380	56,601	37,235	43,287	756,588
4	0	0,3352	84,988	69,040	42,224	50,604	756,588
6	-5	0,4283	108,596	81,059	46,795	57,503	756,588
8	-10	0,5214	132,204	92,773	51,060	64,095	756,588
10	-15	0,6145	155,811	104,248	55,086	70,449	756,588
12	-20	0,7076	179,419	115,530	58,919	76,610	756,588
14	-25	0,8007	203,027	126,649	62,589	82,608	756,588
16	-30	0,8939	226,635	137,629	66,121	88,467	756,588
18	-35,7	1,0000	253,548	150,000	70,000	95,000	756,588
Сынық нүктесі	3,654	0,2672	67,735	60,000	38,628	45,307	756,588
Түзету нүктесі	-21,45	0,7347	186,275	118,774	60,000	78,367	756,588

1.8 – кесте – Жылытулық температуралық графигінің есебі

№	$T_H, ^\circ C$	$Q_{оотн}$	Q_o мВт	$\tau_{01}, ^\circ C$	$\tau_{01}, ^\circ C$	$\tau_{02}, ^\circ C$	$\tau_{см}, ^\circ C$	G_o , кг/с
1	8	0,186	47,216	48,854	60,000	38,628	45,307	527,387
2	5	0,242	61,380	56,601	60,000	40,633	46,685	756,588
Сынық нүктесі	3,654	0,267	67,735	60,000	60,000	38,628	45,307	756,588
4	0	0,335	84,988	69,040	69,040	42,224	50,604	756,588
6	-5	0,428	108,596	81,059	81,059	46,795	57,503	756,588
8	-10	0,521	132,204	92,773	92,773	51,060	64,095	756,588

1.8 – кестенің жалғасы

№	T _n ,оС	Q _{оотн}	Q _о мВт	τ ₀₁ ,°С	τ ₀₁ ,°С	τ ₀₂ ,°С	τ _{см} ,°С	G _о , кг/с
10	-15	0,615	155,811	104,248	104,248	55,086	70,449	756,588
12	-20	0,708	179,419	115,530	115,530	58,919	76,610	756,588
Түзету нүктесі	-21,5	0,735	186,275	118,774	118,774	60,000	78,367	756,588
14	-25	0,801	203,027	126,649	126,649	62,589	82,608	756,588
16	-30	0,894	226,635	137,629	137,629	66,121	88,467	756,588
18	-35,7	1,000	253,548	150,000	150,000	70,000	95,000	756,588

1.6 Есепті су шығындарын есептеу

Жылумен қамту жүйелерінің гидравликалық есептерін жүргізу үшін әрбір ғимараттың жылу шығынын есептеуді қажет етеді. Желілік судың шығынының нәтижелерін желдету, жылыту жүйелерімен ыстық сумен қамту жүйелеріне жеке есептелініп ортақ су шығыны есептелінді. Желілік су шығындары екі мерзімге есептелінеді жылытылатын және жылытылмайтын.

Жылытылатын мерзімге құбырлардағы есепті су шығыны (кг/с)

$$G_d = G_0 + G_v + K_3 G_{ihm}, \quad (1.20)$$

$$G_d = 737,4 + 88,5 + 0 = 825,9 \text{ кг/с},$$

мұндағы G_0 , G_v , G_{ihm} – жылытумен желдету жүйелеріне және ыстық сумен қамтуға есептік судың шығындары, кг/с;

K_3 – ыстық сумен қамту жүйелеріне орташа судың шығынының үлесін ескеретін коэффициент. Біріккен жылыту және ыстық сумен қамту жүктемелері бойынша жылу жіберуді реттеу кезінде коэффициент $K_3=0$.

Жылытылмайтын мерзімге құбырындағы есепті су шығыны

$$G_d^s = \beta G_{hmax}, \text{ кг/с} \quad (1.21)$$

Жылу энергиясын қолданатын тұтынушылар үшін су шығыны (кг/с) анықталады

- жылыту жүйесіне

$$G_o = \frac{Q_o \cdot 10^3}{c(\tau_1 - \tau_2)}, \quad (1.22)$$

$$G_v = \frac{132,4 \cdot 10^3}{4,189(150-70)} = 395,082 \text{ кг/с}.$$

- желдету жүйесіне

$$G_v = \frac{Q_v \cdot 10^3}{c(\tau'_1 - \tau'_2)}, \quad (1.23)$$

$$G_v = \frac{30,4 \cdot 10^3}{4,189(150-70)} = 90,713 \text{ кг/с},$$

мұндағы Q_0 – жылыту жүйесінің жүктемесі, кВт;

Q_v – желдету жүйесінің жүктемесі, кВт;

c – судың жылу сыйымдылығы 100°C сәйкес, кДж/кг $^\circ\text{C}$;

τ'_1 – жылу тасымалдау желісінің беретін құбырындағы есепті су температурасы, $^\circ\text{C}$;

τ'_2 – жылу тасымалдау желісінің қайтатын құбырындағы есепті су температурасы, $^\circ\text{C}$.

Жылытылмайтын мерзімдегі ыстық сумен қамтуға ашық жылумен жабдықтауға арналған су шығыны (кг/с)

- орташа

$$G_{hm} = \frac{Q_{hm} \cdot \beta \cdot 10^3}{c(t_h - t_c)}, \quad (1.24)$$

$$G_{hm} = \frac{48,1 \cdot 0,8 \cdot 10^3}{4,189(60-5)} = 167,017 \text{ кг/с}.$$

- максималды

$$G_{hmax} = \frac{Q_{hmax} \cdot 10^3}{c(t_h - t_c)}, \quad (1.25)$$

$$G_{hmax} = \frac{112,5 \cdot 10^3}{4,189(60-5)} = 488,291 \text{ кг/с}.$$

мұндағы c – судың меншікті жылу сыйымдылығы, қабылданады $4,189$ кДж/кг $^\circ\text{C}$;

t_h, t_c – ыстық және суық судың температуралары, $^\circ\text{C}$;

β – жылытылатын мерзімге қарағанда жылытылмайтын мерзімдегі ыстық сумен қамту жүйесінің орташа жылу ағынының өзгеруін ескеретін коэффициенті, есеп бойынша $0,8$ қабылданады.

Есепті су шығындары нәтижелері А.1 – кестеде көрсетілген.

1.7 Жылу желілерінің гидравликалық тәртіптері және есебі

Гидравликалық есептерді шығару мақсатында магистралді және тарамды желілерге сәйкесінше қысым жоғалудың келесі мәндері ұсынылады:

- бас магистраль құбырларындағы жоғалатын қысым 80 Па/м дейін болуы керек;

- желі тарамдарында жоғалатын қысым өзгерісі 300 Па/м дейін болуы керек.

Құбыр бойындағы қысым жоғалуы

$$\Delta P = \Delta P_l + \Delta P_m, \text{ Па} \quad (1.26)$$

мұндағы ΔP_l – ұзындыққа жоғалатын қысым, Па;

ΔP_m – жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, Па.

Ал ұзындықта жоғалатын қысымның анықталуы

$$\Delta P_l = \Delta R_l \cdot l, \text{ Па} \quad (1.27)$$

мұндағы R_l – әр 1 метр ұзындықтағы қысымның жоғалуы;

l – учаскілердегі құбыр ұзындықтары.

Жылу құбыр тораптарындағы жергілікті кедергілердің анықталуы

$$\Delta P_m = \Delta R_l \cdot l \cdot \alpha, \text{ Па} \quad (1.28)$$

мұндағы α – құбыр диаметрлеріне және теңелткіш түріне қатысты жергілікті кедергілердің қосынды эквиваленттік қашықтықтарын анықтайтын коэффициент.

Жылу құбырларының әрбір учаскідегі қысым жоғалуларын (1.27) және (1.28) өрнектерін біріктіру арқылы есептеу жүргізуге болады, ол төмендей жолмен есептелінеді

$$\Delta P = \Delta R_l \cdot (1 + \alpha) = R_l \cdot l_{np}, \text{ Па} \quad (1.29)$$

мұндағы l_{np} – учаскінің есептелінген ұзындығы, м.

Учаскілердігі жоғалатын арын сәйкесінше өнекпен есептелінеді

$$\Delta H = \frac{\Delta P}{\rho \cdot g}, \text{ м} \quad (1.30)$$

мұндағы g – судың бос құлауындағы жылдамдығы, қабылданады 9,81 м/сек²;

ρ – судың тығыздығы, қабылданады 958,1 кг/с.

Жылумен қамту жүйелерін жобалаудағы негізгі сатысын есептеуге су шығындарының нәтижелерін қолдана отырып жоғалатын қысым мен арындардың нәтижелерін жылу тасымалдағыш жылдамдығын анықтаймыз.

Жылумен қамту жүйелеріндегі жұмыс беріктігі үшін келесі шарттар қойылады:

-рұқсат етілген қысымнан аспау: жылумен қамту көздерінде және жылу желілерінде: $1.6 \div 2.5$ мПа су-булы желілік қыздырғыштар үшін ПСВ типті, қалған су қыздырғыш қазандар, болат құбырлар мен арматуралар, абоненттік қондырғыларда: 1.0 мПа- секциялы су-сулы қыздырғыштар үшін; $0.8 \div 1.0$ мПа - болат конветорлар үшін; 0.6 мПа

-шойын радиаторлар үшін; 0.8 мПа калориферлер үшін; - сорғыштарды кавитациядан және жылумен қамту жүйелеріне ауа сорудан сақтау үшін жүйелердің барлық элементтерін артық қысымымен қамтамасыз ету. Артық қысымның минималды мәні 0,05 мПа. Сондықтан қайтатын құбырдың пьезометрикалық сызығы барлық режимде ең биік ғимараттың су желілерінен кем дегенде 5м. жоғары орналасуы тиіс; - жылумен қамту жүйелерінің барлық нүктелерінде судың қайнамауын қамтамасыз етіп судың максималды температурасында қанық су буының қысымынан асатын қысым болуы керек. Судың қайнау қаупі ең жиі жылу желісінің беретін құбырында туындайды.

Желідегі гидравликалық тәртіптерді график тұрғызу арқылы көруге болады, мұндай графиктік сызбаны пьезометрлік график деп атайды. Пьезометрлік графикті жүргізу жолы: геодезиялық белгілер бойынша жер қыртысын графикте көрсету, көрсетілген жер бедерлеріне ғимараттар мен үймереттерді жобаға сәйкес биіктіктерімен орналастыру, ең биік орналасқан ғимарат бойынша 5 метр жоғары есеппен гидростатикалық тәртіпті енгізу. Гидростатикалық тәртіп енгізілгеннен бастап гидравликалық есептерде шығарылған арын нәтижелеріне сүйене отырып әрбір учаскілерге есептеп графиканы тұрғызып бастаймыз. Статикалық тәртіпті құрастырудың негізгі мақсаты

–жылумен қамтамасыздандыру желілерінде қажетті мөлшерде қысымды жайғастыру.

Пьезометрлік графиктің құрылымы:

- желінің беретін құбырының арыны;
- желінің қайтатын құбырының арыны;
- жер бедері;
- ғимараттардың биіктігі бойынша көрсетілуі;
- құбыр диаметрлерімен участіктер ұзындықтары;
- соңғы тұтынушының жайғасқан арыны;
- статикалық арын.

Гидравликалық тәртіптерін графикалық түрінде суреттуге қалайлы . Пьезометрлік график екі гидравликалық тәртіп үшін құрылады - гидростатикалық және гидродинамикалық.

Гидростатикалық тәртіпті құрастыру мақсаты – жылумен қамту жүйелеріндегі қысымды қажетті шекте қамтамасыз ету. Қысымның төменгі шегі тұтынушылар жүйелерін сумен толтыруды және жылумен қамту жүйелерін ауа сорудан қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Гидростатикалық тәртіп сорғыштар жұмыс істеп тұрған кезінде және айналым жоқ кезінде қарастырылады.

Гидродинамикалық тәртіп жылу желілерінің гидравликалық есебінің негізінде құрастырылады және толтырғыш пен желілік сорғыштардың бір уақытта жұмыс істеуімен қамтамасыз етіледі. Сулы жылу желілерінің гидравликалық тәртіптерін жылытатын және жылытылмайтын мерзімдер үшін қарастырылуы керек. Гидравликалық тәртіптерді пьезометрлік график арқылы қарастыруға болады, барлық қойылатын талаптарға жауап беретін

Жылу желілерінің жылу көзінен ең алыста жатқан соңғы тұтынушы арыны, жылу энергиясын тасымалдағыш судың температурасы $150/70^{\circ}\text{C}$ болса арын сәйкесінше 15метр төмен қолданылмайды.

Пьезометрлік график арқылы: беретін және қайтатын құбырларының арынын; мекен рельефінің есебімен жылу желілерінің кез келген нүктесіндегі жайғасқан арынды; жайғасқан арынмен және ғимарат биіктігі бойынша тұтынушылардың қосу сұлбесін; жергілікті жүйеленің жылу тұтынушылары үшін автореттегіштерді, элеватор ұңғыларын, дросельдік қондырғыларды таңдауға; желілік және толтырғыш сорғыштарды таңдауға мүмкіндік береді.

Пьезометрлік графиктегі қайтатын құбырдағы қысымның жоғалуын көрсету шарттары:

-қайтатын құбырдағы қысым жоғалу сызығы статикалық тәртіптен төмендемеу керек;

-жылыту жүйелеріндегі қайтатын құбырдағы қысым статикалық қысымнан жоғары болуы керек, сонымен қайтатын желінің қысым сызығы кез-келген ғимараттан шартты түрде 3-5м жоғары болуы тиіс;

-жылу желілеріндегі максималды қысымы 60 метрден аспауы тиіс, жылыту жүйелерінің аспаптарының талаптары бойынша;

-жылу желілерінің төменгі қысымы 5 метрден түспеуі тиісті, қысым деңгейі төмендейтін болса жылу торабында ауа пайда болу қаупі туындайды.

Жылу желілеріндегі төменгі қысым тасымалдағыш температурасына байланысты минималды қайнатпайтын арын қабылданады, ол 115°C - та 10метрге тең.

Статикалық тәртіпке тоқталсақ, жылдың жылытылатын және жылытылмайтын мерзімін де қысым сол қалыпта статикалық тәртіп сызығынан төмендемеуі шарт себебі ауа кірісі басталып жүйеде тоттану пайда болуы мүмкін. Статикалық тәртіппен қамтамасыз етіп отыру, ол толтырғыш сораптарының қызметі.

Жылумен қамту жүйесінің орталықтандырылған түрінде жылу энергиясын орынды тасымалдау мен тұтынушыларға жеткізу үшін жылу көзінде сорғыштар таңдалынады. Жылу желілерінің гидростатикалық тәртібін қамтамасыз ету үшін толтырғыш сорғыш қарастырылады. Гидродинамикалық тәртіпке, яғни жылу

желісінің есепті су шығындарын толық қамтамасыз ету үшін желілік сорғыштар қолданылады. Сораптарды таңдау үшін өнімділігімен арынының көрсеткіштері қажетті. Бас магистраль мен тарамдардың гидравликалық есебі А.2 - А.13 – кестелерде көрсетілген.

1.8 Жылу желілерінің монтаждық сұлбасы және конструктивтік элементтері

Жылумен қамту жүйесінде жылу желілері маңызды бөлігі болып табылады. Жылу желілеріне жылу тасымалдағыш құбырлар мен оларды берік ұстайтын жылжымайтын тіреулер мен деформациялық өзгерістерді қабылдайтын компенсаторлар және жылу түйіндері кіреді. Солтүстік-Батыс ауданында жылу желілерін архитектуралық талапқа сай жерасты каналды төсеу жолымен орналастырамыз.

Жылу желілерінің басты құраушысы – жылу құбырлары. Құбырды таңдау жылу тасымалдағыш температурасына, орналасу аймағына, қысымына байланысты жүргізіледі. Есептелінген су шығындары мен жүргізілген гидравликалық есептер нәтижесінде әр учаскіге сәйкес диаметрлерді қабылдаймыз. Жылу желілерін жерасты каналды төсеу әдісі қолданылғандықтан құбырдың пенополиуретанды - полиэтиленді оқшауланған түрі алынды.

Пенополиуретанмен оқшауланған типті болат құбырлар – болат құбырдың арнайы зауытта пенополиуретанмен қабатты қалың оқшау жүргізіліп, оқшауланған бетті полиэтилен қабықшасымен қаптау арқылы жасалынатын құбыр түрі.

Оқшауланған құбырдың артықшылықтары:

- жұмыс жасау ұзақтылығының 30 жылға жоғары болуы;
- жылу жоғалу 2 пайыз;
- жылу желілерінің жөндеу жұмыстарының 2-3 есе кемуі;
- жылу трассасын төсеу кезіндегі жұмыс уақытының 2-3 есе кемуі.

Оперативті қашықтықтан бақылау – жылу құбырларының жағдайын қашықтықтан бақылауға мүмкіндік береді. Ол құбырдың техникалық қателіктерін жүргізілген металдық сымдар арқылы бақылау көзіне жеткізу арқылы қызмет жасайды. Жылу желісінде пайда болған ылғалдылықты, құбырдың және полиэтилен қабықшасының зақымдану бөлігін, сигналды бөліктің техникалық қателіктерін жеткізуге арналған.

Бергіш қызметі:

- құбырға қосылып орнатылған тұзақ бойын бақылау;
- жылу оқшаулағыштың ылғалдылығын бақылау;
- сигналды желі үзілген жерлермен бұзылу қауіпі бар жерлерді тауып жеткізу.

Қашықтан бақылау жұмыстары: жылу желілеріндегі жылу оқшаулағыш өзгерісін, бергіш сымдар арқылы бақылау жүйесіне жеткізу. Бұзылған учаскі

оперативті қашықтықтан бақылау жүйесінен шығады, басқару алаңында көрсетілген сұлба бойынша зақымдалған учаскіні тауып, сол жерлерде жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Оперативті қашықтықтан бақылау жұмысы бізге жұмыс көлемдерінің шығынын және уақытын қысқартуға максималды мүмкіндік жасайды.

Теңелткіштер – жылу желілерінің деформациясын қабылдап, остік бағытта ұзаруына қатысады. Теңелткіштерді орналастыру нәтижесінде тіреулерге және құрылғыларға түсетін кернеулерді азайтады.

Теңелткіштер жұмыс істеу принципіне байланысты екіге бөлінеді: радиалды және осьтік.

Жылу құбырларының ұзаруы

$$\Delta l = \alpha \cdot L \cdot (\tau - t_m), \text{ мм}, \quad (1.31)$$

$$\Delta l = 0,0125 \cdot 50 \cdot (115 - 25) = 56,25 \text{ мм}.$$

мұндағы α – сызықты таратудағы коэффициенті қабылданады;

L – құбырлардың жылжымайтын тіреулер арасындағы арақашықтық, м;

τ – жылу тасымалдағыш температурасы, °С;

t_m – сыртқы ауаның монтажындағы температура, °С.

Температуралық ұзаруды қабылдау үшін осьтік сальникті және сальфонды теңелткіштерді қабылдаймыз.

Қалаларда жер асты төсеу кезінде негізінен сальникті және П-тәрізді компенсаторлар қолданылады, жер асты төсеу кезінде П-тәрізді компенсаторлар, ал томен тіректерле - сальникті компенсаторлар қолданылады. Магистральдан барлық тармақтарда тиек арматурасы орнатылуы тиіс.

Монтаждық сұлбаны құрастыру трассада жылжымайтын тіректерді, компенсаторларды, жылу камераларын және бекіту арматурасын орналастырудан турады. Беру құбыры схемада жылу кезінен судың қозғалысы бойынша оң жағында орналасады. Жылуландыру тораптары (жылу камералары) орамдарды жылу желілеріне қосу орындарында және жылу құбырларында сальникті компенсаторларын орнату кезінде орнатылады. Камералар арасындағы қашықтық жылжымалы. тіректермен өтемақы учаскелеріне бөлінеді. Әрбір камерада қозғалмайтын тіректер орнатылады. Бекітілген опора арасындағы қашықтық құбырлардың диаметріне және компенсаторлардың түріне байланысты таңдалады.

Сальникті теңелткіш – құбырлардың температуралық деформациясымен қоса сырттан әсер етуші факторлардан келетін өзгерістерді қабылдайды. Сальникті теңелткіштер бір және екі жақты болып бөлінеді. Теңелткіштің құрылымы қарапайым болғандықтан ерекшелінеді, келтеқұбырлардың бір біріне қапталуымен сипатталады. Нақты компенсацияланатын мүмкіндік құбырдың диаметрлеріне байланысты есептеледі

$$l_p = l_k - Z, \text{ м}, \quad (1.32)$$

$$l_p = 0,2 - 0,05 = 0,15 \text{ м}.$$

мұндағы l_k –компенсацияланатын есепті мүмкіндік, құбырдың диаметрлеріне байланысты қабылданады $D_y=200\text{мм}$ үшін 0,2 метрге тең;

Z –компенсациялау ұзындығын азайту мүмкіндігі 0,05метр қабылданады.

Сальникті теңелткіштің кемшілігі монтаждау жұмыс талапбының жоғары болуы және көп күтімді талап етуі, сондықтан сальникті теңелткіштерді камераларда орналастырады.

Жылжымайтын щитті тіреу – жылу желілерін тәуелсіз учаскілерге бөлу арқылы орналасады, қызметі белгіленген немесе орнатылған орнында құбырды қозғалтпай ұстап тұру арқылы ішкі қысымды қабылдайды. Жылжымайтын тіреулер арнайы дайын конструкция болып дайындалады.

Сильфонды теңелткіш - ТУ 3-120-81 сериясы бойынша дайындалынады. Маркілері бір секциялы 1КСО және екі секциялы 2КСО болып жіктелінеді. Сильфонды теңелткіш сальникті теңелткішпен салыстырғанда көп қадағалау мен шығындарды талап етпейді. Сильфонды теңелткіштерді жылжымайтын тіреулер арасында орналастырады.

ССК сильфонды бастапқыш теңелткіштер жерасты каналсыз тосеуде колданыста. жобада жылу желілерінде бір секциялы сильфонды теңелткіштер ұсынылған, олар жылжымайтын тіреулер ортасында арнайы кашықтыкпен орналастырылады.

2 Құрылыс өндірісінің технологиясы

2.1 Құрылыс объектісінің сипаттамасы

Құрылыс орны – Семей қаласының Батыс ауданы
Құрылыс объектісі – жылу желісінің бас магистралі
Құбырларды төсеу әдістері – құбырды каналды төсеу, ұзындығы – 4455м;
Құбыр түйінінің саны -3; сальникті теңелткіштердің саны – 31;
Тұрғын аймақта жылу трассасының орналасу орны – жүретін бөлікте.
Жүретін бөліктің ені – 8 м, жаяу жүргіншілер жолы – 2м, газон – 23м;
Жер топырағының типі – ірі малтатасты ыза құмды толтырғылармен, аз ылғалды, саздақ;
Жер асты суының деңгейі – 3 м;
Жер қатуының тереңдігі -1,5м;
Құбырдың төселіну уақыты – жылдың жылы мерзімі.

2.2 Құрылыс – монтаждық жұмыстың көлемінің тізімдемесі

Дайындық жұмыстары

Жердің беткі қабатын өңдеу жұмыстары орның өз енінен 10см ге кең жүргізіледі. Ор ені – 2,2м, жер қабатын өңдеу ені – 2,6м болады. Жылу торабы төселінетін жер қабатының ұзындығы – 4455м. Өңдеу жұмыстарының ауданы:

2.1 – кесте – Өңдеу жұмыстарының ауданы

d, мм	800	700	500	400	300	200
S, м ²	1980	4816,2	2441,25	1676,4	856,9	1752

$$\sum S = 13522,75 \text{ м}^2$$

Құбырдың жоғарғы деңгейіне дейінгі тереңдік – 1,8м

Құбырдың төменгі деңгейінің тереңдігі – 2,4м

Бас магистраль төселу жолының орташа тереңдігі (м)

$$h_{\text{орт}} = \frac{h_1 + h_2 + \dots + h_n}{n}, \quad (2.1)$$

$$h_{\text{орт}} = 1,7 \text{ м.}$$

Жылу желілерінің басындағы құбыр түйінінің орналасу тереңдегі 1,6м, ұзындығы 2,2м габариттік өлшемі 2,2x4м. Құбыр түйіндері үшін қазаншұңқыр тереңдігі

$$h_k^{бас} = 1,6 + 2,2 + 0,2 + 0,15 = 4,15 \text{ м}$$

мұндағы 0,2 – жылу торап жабындысы;

0,15 – жылу торабының астына төселінетін құм деңгейі.

Жылу желілерінің соңындағы құбыр түйінінің орналасу тереңдігі 2 м, ұзындығы 2,2 м, қазаншұңқыр тереңдігі

$$h_k^{соң} = 2 + 2,2 + 0,2 + 0,15 = 4,55 \text{ м}$$

Орташа тереңдігі

$$h_k^{орт} = (h_k^{бас} + h_k^{соң}) \cdot 0,5 = 4,35 \text{ м} \quad (2.2)$$

Ордың үсті бойынша енін анықтау (м)

$$b = B + 2mh_{орт} \quad (2.3)$$

мұндағы m – 0,5 саздақ үшін қолданылады 3 м ге дейін;

B – Ордың ені.

2.2 – кесте – Ордың ені

d, мм	800	700	500	400	300	200
b, м	3,9	3,8	3,75	3,7	3,65	3,6

Ордың көлденең қимасының ауданы жылу желілерінің диаметрі бойынша анықталады:

$$F = \frac{h_{орт}(B+b)}{2}, \quad (2.4)$$

2.3 – кесте – Ордың көлденең қимасының ауданы

d, мм	800	700	500	400	300	200
F, м ²	5,1	5	5,2	4,8	4,7	4,5

Жылу желілерінің магистралінің жер жұмыстарының көлемі диаметріне байланысты

$$V_{mp} = \left[F + \frac{mh_{орт}^2}{12} \right] L \quad (2.5)$$

мұндағы F – ордың көлденең қимасының ауданы, м²;

L – құбыр ұзындығы, м.

2.4 – кесте – Жер жұмыстарының көлемі

d, мм	800	700	500	400	300	200
V, м ³	4306,8	10722,1	5772,6	3749,3	2015	4047,5

Жер жұмыстарының жалпы көлемі $\Sigma V_{mp} = 29613,3 \text{ м}^3$

Құбыр түйініне арналған жер жұмысының көлемдері

$$V_{km} = \frac{h}{6} [(2a + a_1) \cdot b + (2a_1 + a) \cdot b_1] \cdot n, \text{ м}^3 \quad (2.6)$$

мұндағы h – жердің беткі қабатынан құбырдың төменгі деңгейіне дейінгі орташа биіктік;

a – қазаншұңқыр ені, м;

b – қазаншұңқыр ұзындығы, м.

$$a_1 = a + 2mh, \quad (2.7)$$

$$b_1 = b + 2mh. \quad (2.8)$$

мұндағы m – 0,75 тік жақтаудың құламалылығы;

n – құбыр түйінінің саны.

2.5 – кесте – Құбыр түйініне арналған жер жұмысының көлемдерінің нәтижесі

